«Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ қызметіндегі 2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Шахтинск қ. **12.06.2026 ж.**

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысының 2026 жылғы 14 мамырдағы №13 бұйрығына сәйкес, «Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы», ішкі талдау 2026 жылғы 19 мамырдан 27 маусымға дейін жүргізілді.

Ішкі талдау Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінде 2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы үшін жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі құрамдағы жұмыс тобымен жүргізілді:

Сауле Калиакпаровна Айтжанова – Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы болімінің басшысы, жұмыс тобының басшысы.

Жұмыс тобының мүшелері:

Елена Николаевна Горевая – Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы болімінің әдіскері, жұмыс тобының мүшесі;

Сабина Сериккызы Кусаин – Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінің әдіскері, жұмыс тобының мүшесі;

Рустам Талгатович Манапов – Шахтинск қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі, жұмыс тобының мүшесі (келісім бойынша);

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін реттейтін заңнаманы анықтау;
2. Кадрлармен жұмыс, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын басқа да мәселелердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. «ШАХТИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» ММ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ ЖӘНЕ ІШКІ ҚҰЖАТТАРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Құқықтық актілерден анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0 бірлік, ішкі актілерден – 0 бірлік.

Сипаттамалық бөлім:

Жалпы ақпарат

Бөлім – тұрғын үй қорын басқару саласында, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануды қадағалау бойынша қызмет атқаратын, дербес мемлекеттік орган болып табылады. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының Бюджет және Кәсіпкерлік кодекстеріне, «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Газ және ғазбен жабдықтау туралы», «Азаматтық қорғау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Бөлімнің Ережесіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мақсатында, бөлімде тұрақты түрде қызметкерлерді Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына енгізілген өзгерістермен таныстыру жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) зерделеу мен түсіндіру бойынша құқықтық оқыту сабақтары өткізілді.

Бөлім басшылығы бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды апта сайын жеке қабылдауды жүзеге асырады. Сенім телефоны 8 (72156) 3-58-97 жұмыс жасауда, және «Новый Вестник» газетінде жарияланып, бөлімнің ресми сайтында орналастырылған – https://www.gov.kz/memleket/entities/zhil-inspekcia-shahtinsk?lang=ru.

Жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жәшігі қолжетімді орында орналастырылған. Болімнің дәлізінде азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған шағын плакаттар ілінген.

Қызметкерлердің жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияларын уақытылы тапсыруы, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет атқаруына байланысты шектеулерді қабылдауы қамтамасыз етілген.

Талдау барысында бөлімнің Ережесі мен ішкі нормативтік құжаттары зерделенді. Дискрециялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға алып келуі мүмкін нормалар бойынша талдау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

II. «ШАХТИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» ММ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ–БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

1. Персоналды басқаруға қатысты анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат

Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында келесі мәселелер зерделенді:

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

Бөлімнің штат саны – 9,75 бірлік, оның ішінде: 1 – бөлім басшысы, 1 – бас маман және 7,75 бірлік – шарттық негізде жұмыс істейтін қызметкерлер. Лауазымды тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тарту фактілері тіркелмеген.

Мүдделер қақтығысы

Мемлекеттік қызметшілердің барлығы әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді.

2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы есепті кезеңде бөлім қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

Талдау кезеңінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзу, мемлекеттік қызметтің абыройына нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтар үшін мемлекеттік қызметшілерге қатысты шара қолдану фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтен теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

Талдау барысында, қолданыстағы заңнамада белгіленген лауазымды тұлғалар үшін қойылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды, оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру талаптарын бұзу фактілері мемлекеттік қызметшілер арасында анықталмады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында бөлімдегі мемлекеттік қызметшілерге қатысты жағымсыз материалдарды анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде мұндай материалдар тіркелмегені анықталды.

Персоналды басқару бойынша талдау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат

Тікелей бағыныстылықта орналасқан лауазымдарға жақын туыстары, асырап алынғандар, туған және туысқан ағайындар, ерлі-зайыптылардың орналасуы фактілері анықталмады.

Бөлім қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында қайшылықтар, оның салдарынан лауазымдық міндеттердің орындалмауына немесе тиісті деңгейде орындалмауына себеп болатын жағдайлар анықталмады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Оны жою жөніндегі ұсыныстар
Кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу тізбесін, мерзімдерін және кезектілігін айқындау	Көп қабатты тұрғын үйлердің КПТУ техникалық жағдайын, ақау ведомостарын, апатты және апат алдындағы жағдайдағы КПТУ тексеру актілерін негізге ала отырып, ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізу тізбесін, мерзімдерін және кезектілігін белгілеу

Кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссия жұмысына қатысу	Көппәтерлі тұрғын үйдің (бұдан әрі – КПТҮ) ортақ мүлкіне жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін оларды қабылдау барысында орындалған жұмыстардың сапасын тексеру үшін техникалық қадағалау ұйымдарын және құрылыс саласындағы мемлекеттік органдардың өкілдерін тарту.
Көппәтерлі тұрғын үйді (КПТҮ) күтіп-ұстау және басқару бойынша кондоминиум объектілерімен шарттар жасасу кезінде уақытша басқарушы компанияның мүдделерін қорғау	Қала аумағында қызмет көрсететін барлық сервис компаниялар туралы, соның ішінде байланыс деректері, басшысы, тарифтік сметалары туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және көпшілікке қолжетімді орындарда жариялау

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік

Жалпы ақпарат

Оптимизациялау мақсатында тұрғын үй қатынастары және қаланың аумағындағы қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалану бөйынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы барлық негізгі қызмет түрлері халыққа мемлекеттік органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің жалпы тізіліміне енгізілген.

Аталған қызмет түрі бойынша мемлекеттік стандарт қабылданған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №485 бұйрығына сәйкес бөлімде «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік қызметі көрсетіледі.

2025 жыл және 2026 жылдың 5 айы ішінде 0 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты бөлімге шағымдар түспегені анықталды.

Мемлекеттік қызмет корсету мерзімдерін бұзу, стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап ету немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері есепті кезеңде тіркелмеген.

Мемлекеттік қызмет корсету сапасы мен іске асырылуы тұрақты бақылауда.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы қызмет алушылардың хабардарлығын арттыру мақсатында мемлекеттік мекемеде арнайы стендке ақпарат орналастырылды, 4 тікелей эфир өткізілді, газетте 4 мақала және әкімдік сайтында 1 мақала жарияланды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөйынша буклеттер мен жадынамалар таратылуда.

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер мен тіркеу журналы жүргізіледі.

Бөлімнің барлық қызметкерлеріне мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтау талабы жеткізілді.

Бөлім көрсететін мемлекеттік қызметтерді талдау барысында жұмыс тобы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қызмет алушы тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болмаганы анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Оны жою жөніндегі ұсыныстар
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару бойынша мемлекеттік қызмет көрсету	Мемлекеттік қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасындағы тікелей байланыс кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: өтінішті формалды себептермен қабылдамау мүмкіндігі, стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап ету.

4. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру бөйынша анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат

Шахтинск қаласының тұргын үй инспекциясы бөлімі өзінің Ережесіне сәйкес, рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Бақылау-қадағалау функцияларын орындау кезіндегі анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік

Жалпы ақпарат

Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі өз қызметін Бөлімнің Ережесіне, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңдарына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

Тұрғын үй қорын және газбен жабдықтау объектілерін бақылау жұмыстары талданған кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

6. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру мен бөлу саласындағы анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік

Жалпы ақпарат

Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімінің 2025 жылға арналған түзетілген бюджеті – 41 078,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

- 41 078,0 мың теңге 479 001 бағдарламасы бойынша: «Тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті деңгейде іске асыру қызметтері»;

2026 жылдың 5 айына арналған нақтыланған бюджет 38 104,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

- 38 104,0 мың теңге 479 001 бағдарламасы бойынша: «Тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті деңгейде іске асыру қызметтері»;

Бөлімнің бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру мен бөлу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат

2025 жылы «Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ жұмыс тобы мекеменің қала бойынша мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы мәртебесінде жүзеге асырған мемлекеттік сатып алуларына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сатып алулар Қазақстан Республикасының № 106-VIII 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізілді.

2025 жылы Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімімен жалпы сомасы 10 325,2 мың теңге 58 мемлекеттік сатып алу шарты жасалды, оның ішінде:

13 шарт – 1123,0 мың теңге сомаға *(өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алу)*;

14 шарт – 3598,5 мың теңге сомаға *тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі)*;

27 шарт – 5566,4 мың теңге сомаға *(баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу)*;

4 шарт – 37,3 мың теңге сомаға *(электронды дүкен арқылы)*;

2026 жылдың 5 айында жалпы сомасы 5534,9 мың теңгеге 31 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды, оның ішінде:

6 шарт – 1255,0 мың теңге сомаға *(өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алу)*;

10 шарт – 3102,7 мың теңге сомаға *тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі)*;

12 шарт – 421,8 мың теңге сомаға *(баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу)*;

3 шарт – 755,4 мың теңге сомаға *(алдын ала іріктеу конкурсы)*.

Сатып алулар мен шарттарды жасау мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылды.

Мүмкін болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда мемлекеттік сатып алулардан бас тарту;

2) Конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) заңнамада көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу;

3) Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуларды негізсіз жүзеге асыру;

4) Әлеуетті өнім берушінің өтінімін заңсыз түрде қабылдау.

Негіздеме:

1) Мемлекеттік сатып алудан шарт жасалғанға дейін бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі жагдайларда жүргізіледі: тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды қысқарту, жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын (немесе алдын ала жоспарын) нақтылау кезінде, сондай-ақ бюджетті немесе қаржыландыру жоспарын түзету нәтижесінде қажеттілік жойылған жағдайда;

2) Әлеуетті өнім берушілерге біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11-бабына сәйкес белгіленеді;

3) Сатып алу тәсілін айқындау кезінде бөлім, әдетте, бәсекелестік әдістерді қолдануға ұмтылады. Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы сатып алулар тек ерекше жағдайларда және Заңның 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасында козделген негіздер бойынша жүзеге асырылады;

4) Конкурстық комиссия тек конкурстық құжаттамада және заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін өнім берушілердің өтінімдерін қабылдайды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану саласындағы анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік

Жалпы ақпарат

Ақпараттық қауіпсіздік саясатын қамтамасыз етуге компьютерлік техниканың (бағдарламалардың) операторы жауапты, оның құзыретіне операциялық жүйелерді орнату және баптау, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату, компьютерлерді жергілікті желіге және Интернетке қосу және баптау, компьютерлік техниканың және сервердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ шығыс материалдарын ауыстыру кіреді.

Болім жұмысында келесі ақпараттық жүйелер пайдаланылады: Documentolog, Е-акимат, E-Qyzmet, E-Otinish, Е-лиңензирование, Senim109, Мемлекеттік мекеменің электрондық пошта қызметі, Мемлекеттік сатып

алулардың электрондық порталы, «Қазынашылық–клиент» ақпараттық жүйесі, «1С: Бухгалтерия» ақпараттық жүйесі.

Аталған жүйелерді қолдану сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және мүдделер қақтығысының алдын алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында келесідей жауапкершілік козделген:

– ақпараттық қауіпсіздік бойынша техникалық құжаттама талаптарын сақтау;

– деректер базасын қызметтік емес мақсатта пайдалану және жеке деректерді жария ету үшін жауапкершілік.

Ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

9. Басқа да ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет мәселелеріи іске асырумен байланысты анықталған тәуекелдер саны – 0 бірлік.

Жалпы ақпарат

Бөлімге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері зерделеніп, талданды.

2025 жылы бөлімге 372 қызметтік хат-хабар, жеке тұлғалардан 21 өтініш, заңды тұлғалардан 7 өтініш және Senim109 сервисі арқылы 2 өтініш келіп түсті..

2026 жылдың 5 айында бөлімге 137 қызметтік хат-хабар, жеке тұлғалардан 18 отініш, заңды тұлғалардан 1 өтініш және Senim109 сервисі арқылы 2 өтініш келіп түсті.

Барлық кіріс хат-хабарлар электрондық форматта Documentolog жүйесі арқылы тіркеледі. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері азаматтардың өтініштерін қабылдау және өңдеудің бірыңғай платформасы – E-Otinish арқылы, сондай-ақ, Senim109 қызметі арқылы келін түсіп, әрі қарай басшылықтың қарауына жіберіледі.

Барлық өтініштер қаралып, заңнамада белгіленген мерзімдерде өтініш иелеріне жауаптар жолданды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, шағымдары мен арыздарын уақтылы әрі сапалы қарау бойынша тұрақты негізде бақылау жүргізіледі.

Бөлімнің әрбір қызметкері Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын қатаң сақтайды, соның ішінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алудың негізгі шараларының бірі – өтініштер, шағымдар мен арыздарды қарау нәтижелерін есепке алу және мониторинг жүргізу жүйесінің тиімді жұмыс істеуі болып табылады. Бұл бағыттағы бөлім жұмысы басшының тұрақты бақылауында.

Бөлім қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасалды:

Бөлімнің және оның қызметкерлерінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасының нормалары қатаң сақталады. Мемлекеттік қызметтер көрсету бекітілген стандарттар мен регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады. Азаматтардың өтініштерін қарауға қатысты мәселелер басшылықтың тұрақты бақылауында.

Қорытындылай келе, тұрғын үй қатынастары инспекциясы саласында, сондай-ақ қала аумағында қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалану кезінде

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жұмыстары жалғасып жатқанын атап өткен жөн.

Жұмыс тобының басшысы: _____ **С.К.Айтжанова**

Жұмыс тобының мүшелері: _____ **Е.Н.Горевая**

_____ **С.С.Кусаин**

_____ **Р.Т. Манапов**

Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша талдау жүргізілген норматнвтік құқықтық актілердің/ішкі құжаттардың тізімі

- 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы;
- 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңы;
- 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- 2025 жылғы 15 наурыздағы №171-VIII Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- 2024 жылғы 28 тамыздағы №589 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындау туралы» бұйрығы;
- 2015 жылғы 26 наурыздағы №207 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- 2011 жылғы 15 желтоқсандағы №636 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік мүлік тізіліміне есеп объектілерінің деректерін енгізудің бірыңғай әдістемесін, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Қаржылық есептіліктің нысандары мен оларды жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Шахтинск қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 15 шілдедегі №37/05 қаулысымен бекітілген «Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі;
- Бөлім басшысының негізгі қызмет бойынша бұйрықтары;
- Бөлім басшысының кадрлық құрам бойынша бұйрықтары;
- «Шахтинск қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.